

"Қазақстан-Қытай" магистральдық газ құбырының С желісі желілік бөлігін орналастыру үшін қауымдық сервитут белгілеу туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2012 жылғы 05 қарашадағы N 346 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 19 қарашада N 2193 тіркелді

Ескерту. Тақырыпқа өзгерістер енгізілді Алматы облыстық әкімдігінің 14.03.2014 N 72 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 16, 69, 106, 131-баптарына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес "Қазақстан-Қытай" магистральдық газ құбырының С желісі желілік бөлігін орналастыру үшін жер учаскелерін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай екі жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық әкімдігінің 14.03.2014 N 72 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. "Азиялық Газқұбыры" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі орман және ауыл шаруашылығы алқаптарын орман және ауыл шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсатта пайдалану үшін алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы және ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджеттің кірісінен өтесін және жұмыс аяқталғаннан кейін бүлінген жерді қалпына келтіру жұмыстарын жүргізсін.

3. "Азиялық Газқұбыры" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларына шығынды толық көлемде өтесін және тараптардың келісімімен шығынның мөлшері мен олардың өтемақы төлеу тәртібі белгіленсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбекұлы Досымбековке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оны алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Мұсаханов

Облыс әкімдігінің 2012 жылғы 5 қарашадағы
 ""Қазақстан-Қытай" магистральдық газ
 құбырының желілік бөлігін орналастыру
 үшін қауымдық сервитут белгілеу туралы"
 N 346 қаулысына 1-қосымша

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Алматы облыстық әкімдігінің 14.03.2014 N 72
 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі
)қаулысымен.

P/c N	Аудандардың атаулары	Қауымдық сервитут белгілеу көлемі, гектар	Соның ішінде:		
			а у ы л шаруашылық алқаптарының көлемі	оның ішінде:	
				барлығы	оның ішінде суармалы
1	2	3	4	5	6
1.	Еңбекшіқазақ	669,6478	549,8449	244,8628	153,7775
2.	Жамбыл	333,5277	332,273	22,5975	-
3.	Іле	236,1155	229,5464	69,3307	15,5652
4.	Қарасай	54,5938	53,6417	50,6752	-
5.	Панфилов	292,3152	132,6727	13,66	0,4176
6.	Талғар	78,4900	72,5434	35,9578	5,9138
7.	Ұйғыр	301,8305	176,3387	46,1763	46,0037
	Барлығы	1966,5205	1546,8608	483,2603	221,6778

кестенің жалғасы

к ө п жылдық екпелер	шабындық	жайылым	селитебтік аумақ	о р м а н қорының жері	б а с қ а алқап	д а
7	8	9	10	11	12	
6,127	55,3362	243,5189	-	99,8807	19,9222	
-	11,2909	298,3846	-	-	1,2547	
-	-	160,2157	-	0,8791	5,69	
-	-	2,9665	-	-	0,9521	
-	9,6741	109,3386	-	156,6092	3,0333	
-	-	36,5856	0,9194	-	5,0272	
-	22,8045	107,3579	-	118,8419	6,6499	
6,127	99,1057	958,3678	0,9194	376,2109	42,5294	

Облыс әкімдігінің 2012 жылғы 5 қарашадағы
 ""Қазақстан-Қытай" магистральдық газ
 құбырының желілік бөлігін орналастыру
 үшін қауымдық сервитут белгілеу туралы"
 N 346 қаулысына 2-қосымша

Ауыл шаруашылығы өндірісіндегі шығасының мөлшері

Ескерту. Қаулы 2-қосымшамен толықтырылды - Алматы облыстық әкімдігінің 14.03.2014 N 72 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)қаулысымен.

Р/н	Ауыл шаруашылығы алқаптарының түрі	Көлемі, гектар	Топырақ түрі	Ауыл шаруашылығы өндірісіндегі шығасының мөлшері, мың теңге
Еңбекшіқазақ ауданы				
1.	Көпжылдық екпелер, жайылымдық, тәлімді егістік, суармалы егістік, шабындық	549,8449	Сұр, ашық кара-қоңыр	281961,815
Жамбыл ауданы				
1.	Шабындық, жайылымдық, тәлімді егістік	332,2730	Сұр, ашық кара-қоңыр, сұр-құба	26906,400
Іле ауданы				
1.	Шабындық, жайылымдық, тәлімді егістік	229,5464	Сұр, ашық кара-қоңыр	50066,280
Қарасай ауданы				
1.	Жайылымдық, тәлімді егістік	53,6417	Сұр, ашық кара-қоңыр	15119,217
Панфилов ауданы				
1.	Жайылымдық, тәлімді егістік, суармалы егістік, шабындық	132,6727	Сұр, ашық кара-қоңыр	13950,814
Талғар ауданы				
1.	Жайылымдық, тәлімді егістік, суармалы егістік	72,5434	Сұр, ашық кара-қоңыр	20042,390
Ұйғыр ауданы				
1.	Жайылымдық, тәлімді егістік, суармалы егістік, шабындық	176,3387	Сұр, ашық кара-қоңыр, сұр-құба	73403,737

Облыс әкімдігінің 2012 жылғы 5 қарашадағы "Қазақстан-Қытай" магистральдық газ құбырының желілік бөлігін орналастыру үшін қауымдық сервитут белгілеу туралы" N 346 қаулысына 3-қосымша

Орман шаруашылығы өндірісіндегі шығасының мөлшері

Ескерту. Қаулы 3-қосымшамен толықтырылды - Алматы облыстық әкімдігінің 14.03.2014 N 72 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)қаулысымен.

Р/н	Мемлекеттік орман иеленушінің атауы	Көлемі, гектар	Орман шаруашылығы өндірісіндегі шығасының мөлшері, мың теңге

1.	Жаркент орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі	156,6092	5152,850
2.	Қаскелен орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі	0,8791	70,557
3.	Ұйғыр орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі	118,8419	2335,860
4.	Шелек орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі	99,8807	3276,087

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК